



## Маңғыстау облысы

**Балмуханова Сымбат,  
№ 14 орта мектебінің 7 сынып оқушысы**

Көргеніңді бүгінгі  
Жаз, жаз қалам, тер қалам,  
Жүрегім, сырым сенікі,  
Кеңісті далам, кең далам,  
Ен далам-анам, мен-балаң  
Ендеше қалам бер маған.

I.Жансүгіров «Дала» поэмасы

Иә, біз бүгін тәңір мен тарихтың ерекше бір шапағатты нұрына бөленіп тұрмыз. Бүгін – тірінің шыңдап тебіренетін, өлінің, расында да, жатқан орнынан аударылып түсетін күні – деп 1998 жылы маусымның 10-ы күні Елбасымыз Астана қаласын Қазақстанның Елордасы екендігі халық және әлем алдында жариялаған болатын. Сол қуанышты, салтанатты күні Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Жігітке ерлік те оңай, билік те оңай, қажытпас қабырғалы болса халық», – деген ақын бабамыз Әбубәкір Кердерінің аталы сөзінен бастай отырып. Тәуекелге бел байлатып, назарымызды сындырмаған, ізгі ниеттің ізгі нәтижеге, асыл арманның абыройлы іске айналуына кеңінен қолдау көрсетіп, қысылғанда тірек, қиналғанда медет болған туған халқына, барша отандастарыма, күллі қазақстандықтарға басымды иіп адал перзенттік жүрегіммен: «Садаған кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойда қуат, ойда нәр-бәрін аянбай сарп етуге пейілмін» - деп сөз сөйлеген болатын.

– Нұраға! Аспан түстес туымыздың астында жиналатын мезгіл жеткенін бүгінде дәлелдеп келеміз. «Бойда қуат, ойда көз» барында сөзге қарымтасы кетпеген халқымыз қашан да сөз асылын тани да білген ғой. Сіздің әрбір жолы халықтың алдындағы жолдаған жолдауларыңызды оқи отырып, сіз арқылы бойымызға күш-қуат жинап, елімізге, жерімізге деген сүйіспеншілігіміз арта түседі. Отан алдында арқалап келе жатқан үкілі үмітіңізді келешек ұрпақ яғни біз

[Введите текст]

жастар сіз бастаған жаңа бастамаларыңызбен игі істеріңізді орындауға ат салысамыз және оған сізді сендіреміз!

Бүгінгі Қазақстан – әлемдік аренадан өз орнын ойып алған. Азия мен Европаны мойындата білген өжет елдің мекені.

Мен – өркениет өріне қадам басқан еркін елдің өренімін. Өткенге бойлап, бүгінді ақыл-таразысына салып баға беру, ғасырлар тоғысында өмір сүріп жатқан қазақ мемлекеті туралы өз пікірін айту менің де парызым!...

Туған қалам – Астана күн сайын құлпыра өсіп келеді. Қала көз алдымызда сәулетті де сәнді шаһарға айналды. Сылдырай аққан ерке Есіл өз сұлулығы мен қаланы көріктендіре түсуде. Есілдің суы мөп-мөлдір, тұп-тұнық. Бұл өзеннің мөлдірлігі қандай?! Оны ауызбен айтып жеткізе алмайсың.

Есіл өзен – мақтанышы, киелі,  
Перзенттерің сені мәңгі сүйеді.  
Бәрі мендік – гауһар тасың, суың да,  
Ботасындай жатып қалған түйенің.

Жаңа астанамыз бүгінгі күні өзінің зәулім құрылысымен ғана емес, рухани орталықтарымен де көркейіп келеді. Мұның бәрі – Елбасының елеулі еңбегі.

Осындай мемлекет орнатып, біз талай тауқыметті бастан кешкен, бірақ бірегей көп ұлтты Қазақстан халқын асырап-сақтаған, баулап-түлеткен, мейірімі мәңгі де дарқан қасиетті қазақ жерінің алдындағы, қазақстандықтардың ұрпағы алдындағы өз парызымызды орындайтын боламыз. Халықтың кемеңгерлігіне, бойындағы сарқылмас рухани және шығармашылық қабілетіне сенемін. Сондықтан да барлық ойға алған істеріңізді іске асыратындығыңызға бір сәт те күмәнданбағанбыз.

Аз уақыт ішінде көркейіп, түрленген, тәуелсіздігіміздің түлегі, Отанымыздың жүрегі Астанамыз да елдігіміздің жаңа беттерін ашқандай, тәуелсіздігімізді әйгілегендей болып тұр. Жастарымызды болашаққа бастайтын бас қаламыз, арман қала – жас қаламыз өнер – білім мен мәдениет пен ғылымның ордасына айналуға.

Маңдайың ашық, жолың кең, қадамың құтты, аларың асқар, жетерің жемісті, саналарың жеңісті болсын, жас Астана!

**Сәрсенбаева Жұлдыз,  
№ 28 орта мектебінің 9 сынып оқушысы**

Астана – Отанымыздың жүрегі  
Тәуелсіздігіміздің тірегі!  
Н.Ә. Назарбаев

«Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай

Өмір деген – көк аспанның күркірі

Пай, пай, өмір

Өтесің-ау бір күні» - деп Мұқағали Мақатаев атамыз жырлағандай, өмір деген не ол өзі? Өмір деген-көзді ашып жұмғанша өтіп кететін бір мезет қана. Бұл қамшының сабындай өмірдің қызығы мен шыжығын айтып жеткізу тіпті мүмкін емес сияқты. Өмірге шыр етіп келгеннен бастап, қай адам болмасын жарқ еткен найзағайдай қысқа өмірін бақытты сүргісі келеді емес пе? Ол үшін әрбір адам сол Алла берген өмірді, өкінбестей етіп өткізуге талпыну керек. Содан кейін әрине өмір өзіңді осы өмірге алып келген әке-шешен, бауырларың аман жүрсе және арқа сүйер Отаның болса ғана қызық...

Иә, Отанды сүю отбасынан басталады демекші, әрбір отбасы кішкентай ғана шығын мемлекет секілді. Егер біз өз отбасымызды жақсы көріп, ата-анамызды сыйлап, үлкен бауырларымызға құрмет, кіші бауырлармызға ізет көрсетіп жүрсек қана біз бақытты отбасы бола аламыз. Отан да сол сияқты. Егер біз осындай отбасыда тәрбиеленген болсақ, әрине біздің бойымызда отанға деген патриоттық сезім оянады. Ал сол тамаша сезімді сезінбей, отанымызға опасыздық жасап жүрген қазақтың «жесір ұлдары» қаншама десеңші? «Отанға опасыздық еткенің, Өз түбіңе өзің жеткенің» – деп қазақ атамыз айтқандай, сол опасыздықты жасағанда ештеңе білінбес, бірақ отанның керегін жалғыз қалғанда ғана сезінетін боласың. Ал менің отаным саған деген сезімді қара сөзбен де, өлең жолдарымен де жеткізе алмаспын. Өйткені мен сені сүйем Отаным Қазақстан! Сенсің ғой менің жалғыз арқа сүйер панам! Сенсің ғой менің жалғыз арқа сүйер Отан-анам!

Алтын-анам Отаным! Тәуелсіз Қазақстан! Қандай құдіретті де, қасиетті сөздер...

Осы бір «Тәуелсіз» деген сөздің өзінде қаншама мән мағына жатыр? Бұл жай ғана сөз емес. Бір ғана «Тәуелсіз» деген сөзге ие болу үшін қазақ халқым басынан не өткізіп, не көрмеді десеңші? Сонау ерте ғасырды емес, 20 ғасырдың өзін айтатын болсам, 70 жылдам астам уақыт бойы қазақ елі КСРО-ның құрамында болды. Сол бір кез қиын кезеңдердің бірі болды десек те болады. КСРО-ның қазақ халқына көрсеткен озбырлығы, орыс ұлтының қазақты адам есебіне санамауы, барлығы қазақ халқының намысына тиді. Бірақ сонда да менің қазақ халқым ешқашан берілген емес. Ашаршылықтың кезінде де, олар бостан-бос қырыла бермеген. Қазақ халқы жойылып кетпесін деп, жер асып, су асып кеткен. Міне, ата – бабаларымыздың

[Введите текст]

ұрпақтары, өзіміздің қандастарымыз қазір отанымызға оралып жатыр. Олардың оралауына Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бар жағдайды жасап жатыр. Өйткені қазіргі еліміздің басты мәселесі-халқымыздың санын көбейту. Себебі біздің жеріміз кең байтақ болғанымен, халқымыздың саны аз. Дегенмен, қазір осы ата-бабаларымыздың «найзаның ұшымен, білектің күшімен», талай осы жер үшін жорықтарға шығып қорғаған жері, Аллаға шүкір, осы қазір оған қазақ халқы ие болып отырғаны және «Тәуелсіз Қазақстан» деген ұлы есімге ие болғанымыз мені қатты қуантады. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын есіме түсірген сайын, сол бір жап-жас болса да, «елім» деп жүрегі соққан, аға-апаларымыздың сондағы ерлігіне әлі күнге дейін таң қаламын. Олардың еліне, халқына деген шексіз патриоттық сезімін айтсаңызшы? 1991 жылы Тәуелсіздігімізді алып, Егеменді ел атанғанда, қай қазақ баласының көзіне жас келмеді десеңші? Мүмкін тіпті қуаныштан жүрегі жарылғандары да болған шығар. Кім біледі? Иә, мен Тәуелсіздігімізді алып жатқанын, тәуелсіздік алған жылдары елімізде дағдарыс болғанын өз көзіммен көрмесем де, халқымыз қандай қиыншылық көргенін ата-анам мен мектептегі ұстаздарымнан естідім. Алайда жақсы адамды Алла да қолдайды демекші, қазақтың мықты, бірақ бейкүнә халық екенін Алла да сезген шығар. Білмеймін, әйтеуір көктен түскен періштедей боп, ел басына президент болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев отырды. Міне содан бергі өміріміздің шыжығын емес, қызығын еске түсіре бергім келеді. Еліміздің қазіргі деңгейге дейін жетуіне, экономикалық жағынан өркендеуімізге сол кісі себепкер болды десек артық болмас. Өйткені осының бәрі оның ақылдылығымен, ұстанған саясатының арқасында болған дүниелер екенін бәріміз де білеміз. Алайда, соны мойындағысы келмейтіндер де аз емес. Неліктен? Неліктен олай істейді екен? Мүмкін ел басқару оңай нәрсе деп ойлайтын болар. 16 млн халық түгілі өзінің отбасын басқара алмай, 2-3 баласына сөзі өтпей отырған әкелер қаншама? Міне, отанның өзі отбасынан басталады деген осы емес пе?

«Мейлі түндер, түн өтсін

Мейлі өмірім жүндетсін

Сен, сен Отан

Кеудемдегі жүрексің» – деп Мұқағали

жырлағандай, Елбасы болу үшін патриоттық сезім бәрінен де биік тұру керек. Тіпті елі үшін өлімге де баруға қорықпайтын жан болу керек. Тәуелсіздік алғаннан Елбасымыз еліміздің аяқтан тұрып кетуіне ат салысумен қатар, сол елімізге лайықты, Еуразияның жүрегі, еліміздің тірегі бола алатындай, астанамызды тұрғызуға лайықты жер іздеп, табуды мақсат етіп алды. Сол мақсат бүгінде орындалғандай...

Елбасымыздың арманы Еуразияның жүрегі, еліміздің тірегіне айналған Астана қаласын тұрғызу еді. Сол арман қазір орындалды десек те болады. Осыдан 12 жыл бұрын ғана асқар Алатаудың баурайынан Сарыарқа төсіне қоныс аударған ел ордасының бүгін әлем назарын өзіне аударған келешегі керемет қалаға айналып отыр. Міне содан бері, көзді ашып-жұмғанша 12 жыл да зу етіп өтіп шығыпты. Бақандай 12 жылдың ішінде қарасаң, көз жеткізбейтін зәулім үйлер, ғимараттар

[Введите текст]

салынды. Олардың әдемілігін көргенде таң тамаша қалдым. Еуропалық үлгідегі бұл ғимараттардың сұлулығына қарай бергің келеді. Кішкентай ғана Ақмола қаласының үлкен шетелдің қалаларының деңгейіне дейін көтерілетінін кім білген? Сол қаланы салдыртарда елбасымыздың бұл ісін халық құптай қойған жоқ. Себебі сол кезде біз енді аяқтан тұрып келе жатқан едік. Астананы салдыртуға көп қаражат керек болды. Сол себепті, халқымыз қолдай қойған жоқ. Міне, халқымыз қазіргі Астананы көргеннен кейін, Елбасымыздың ниетін енді түсінген болар. Бүгінгі күні Астана құрылыс алаңына айналып отыр. Бас қаламыздың бейнесінің әдемілігі сонша, тіпті жыл санап нұрға бөленіп, жайнай түсуде. Қазір Астана – біздің абыройымыз. Ал «Бәйтерек» – Елордамыздың символы. Осындай жетістіктерге қол жеткізе берсең, сенің мәртебең, сенің көріктілігіңмен болашақта бүкіл әлемге танулы, әлем жұртшылығынан жоғары баға алатын боласың! Аллаһ ниетіне қолдай берсін! Гүлден, Жайна, Өркендей бер, Астана!

Қазір Ел ордамыз әрі қарай гүлденуіне, еліміздің өркендеуіне, дамуына жауапты - біздерміз! Біздер - еліміздің болашағымыз. Дәл қазір қолымыздан келетіні тек оқып, білім алу ғана. Елбасымыз бізге білім алудың барлық жағадайын жасап жатыр. «Мен, сіздер, бүгінгі жастар ерекше-ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер Тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ер-жетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты-біздің еліміздің көтерілуіне және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңіргенсіздер. Атап айтқанда, біздің еліміздің тағдыры сіздердің тағдырларыңызбен айқындалады», – деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев осы керемет сөздер арқылы, өзінің және халқымыздың жастарға деген, яғни бізге сенім артып айтып отыр. Сол сенімді ақтай білейік, білімді жас достар!

Елбасымыздың «Мен өз халқымының көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай білген төзімділігіне таң қаламын» деген сөзіне мен де қосыламын. Өйткені қазақ шыдамды, сабырлы халық! Басынан қанша қиыншылық өтсе де, бәріне ешқашан мойынсұнған емес. Қазақ халқы патриот халық! Ашаршылық жылдары өлім мен өмір арасында жатса да, қазақ деген ұлт жойылып кетпесін деп, жер, су асып, туған қонысын тастап кеткен. Бірақ солардың ұрпақтары, біздің қандастарымыз отанымызға оралып жатыр. Қазақ деген білімді халық! Өзінің білімділігімен, талай белестерді бағындырып, қазір бүкіл әлемге «Қазақстан» деген елді танытып келеді. Міне, осындай ұлы халықтың алдында қалайша бас имей тұра аламыз?

Шаңырағың-шырағым

Топырағың-тұмарым,

Ғаламда жоқ сыңарың,

Басы таза бұлағым

[Введите текст]

Басылмайтын құмарым  
Қазақстаным – қыраным!  
Ұ.Есдәулет